

Сабыров Нурадин Исанұлы

nuradinsabyr@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы 3курс студенті
Ғылыми жетекші: Б. Исабеков

Аңдатпа

Мақалада индустриалды-инновациялық дамудың еліміздегі маңыздылығы талқыланды. Қазақстан – ауқымды табиғи-ресурстық, интеллектуалды, білім беру және өндірістік элеуеті бар бай ел. Бірақ табиғи-ресурстық элеует өзінен-өзі тұрақты экономикалық өсу мен өмір деңгейінің өсімін қамтамасыз етпейді. Қазіргі кезде территория көлемдері де, жер асты байлықтары да, халық саны да нақты экономика өсімінің кепілі бола алмайды. Тек білім, ғылым мен интеллектуалды элеует ғылыми мүдделердің өндіріс пен гармониясы ғана экономиканың тұрақты дамуы мен ел байлығының негізі болады. Дамыған нарықтық экономикалы елдер тәжірибесі жаңа технологияларды құру мен игеру, бәсекеқабілетті өнімнің элемдік нарыққа шығаруы тұрақты ұлттық экономиканың маңызды шарты болып табылатындығын дәлелдейді. Экономикасы дамыған «жетілік» елдер – ірі жоғары технологиялық өнім (электроника, компьютерлер, автомобильдер, ауа лайнерлері және т.б.) өндірушілер ретіндегі ғаламның ең бай мемлекеттері. Бұл мемлекеттер қарапайым табиғи ресурстары бола тұра гүлденуде. Индустриалды-инновациялық даму стратегиясы елдің тиімді дамуының бастысыртқы және ішкі нарықтардағыбәсекеге қабілеттілігін қамтитын негізгі стратегиялық факторларының бірі болыптабылады.

Тірек сөздер: экономика, инновация, стратегия, адами капитал, өндіріс, технология, инвестиция.

Қазақстан – ауқымды табиғи-ресурстық, интеллектуалды, білім беру және өндірістік элеуеті бар бай ел. Бірақ табиғи-ресурстық элеует өзінен-өзі тұрақты экономикалық өсу мен өмір деңгейінің өсімін қамтамасыз етпейді. Қазіргі кезде территория көлемдері де, жер асты байлықтары да, халық саны да нақты экономика өсімінің кепілі бола алмайды. Тек білім, ғылым мен интеллектуалды элеует ғылыми мүдделердің өндіріс пен гармониясы ғана экономиканың тұрақты дамуы мен ел байлығының негізі болады. Дамыған нарықтық экономикалы елдер тәжірибесі жаңа технологияларды құру мен игеру, бәсекеқабілетті өнімнің элемдік нарыққа шығаруы тұрақты ұлттық экономиканың маңызды шарты болып табылатындығын дәлелдейді. Экономикасы дамыған «жетілік» елдер – ірі жоғары технологиялық өнім (электроника, компьютерлер, автомобильдер, ауа лайнерлері және т.б.) өндірушілер ретіндегі ғаламның ең бай мемлекеттері. Бұл мемлекеттер қарапайым табиғи ресурстары бола тұра гүлденуде.

Қазақстан өзінің тарихи таңдауын жасады, постиндустриалды экономикаға алғашқы қадам болып экономика салаларының әртараптануы және дамудың шикізаттық бағытталуынан шығу жолымен елдің тұрақты дамуына бағытталған Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «2020-2025 жж. Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық даму стратегиясы» табылады. Өңдеуші индустрия мен қызмет сферасында бәсекеқабілетті және экспортқа бағытталған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер өндірісі берілген саясаттың басты бағыты болып табылады.

Стратегия белсенді ғылыми және инновациялық қызметтерді жүргізуін қамтиды:

А. Инновациялық қызмет – инновациялық үрдістерді ғана емес, тауарларды өткізу нарықтарын маркетингтік зерттеу, сонымен қатар ақпараттық, консалтингілік, элеуметтік және басқа қызметтерге деген жаңа тұрғыларды зерттеуді енгізетін техникалық, технологиялық және ұйымдық жаңалықтарды құрастыру мен тәжірибелік меңгеру сферасы.

Б. Инновациялық қызмет – тәжірибе жүзінде қолданыла алатын ғылыми-техникалық идеяларды ойлап табуларды құру және олардан нәтиже алу бойынша қызмет.

В. Инновациялық қызметті басқару мақсаты жаңа идеяларды бақылау, генерациялау, нарыққа инновациялық өнімді шығару үшін жағдайлар құру.

Г. Инновациялық қызметтің басты функциясы болып өзгеру функциясы табылады. Теориялық талдау көрсеткендей, Й.Шумпетер келесідей типті көзгерістерді бөледі:

- жаңа техниканы, технологиялы күрдістерді қолдану;
- жаңа қасиеттер мен өнімөндіру;
- жаңа шикізатты қолдану;
- өндіріс пен материалды-техникалық қамсыздандыруды ұйымдастырудағы өзгерістер;
- жаңа өткізу нарықтарының пайда болуы.

Ұлттық мүдделер дамыған елдер тәжірибесін қолдана отырып Қазақстан тарихи артта қалушылығын жойып, озық экономикалы елдер қатарына өтуін талап етеді. Қазіргі жалпы әлемдік тенденциялар қазақстандық индустрияның жетілдірілуі мен техникалық қайта құрылуын, ғылыми сыйымды және экспортқа бағытталған өнім құру үшін қазіргі инфрақұрылымды құру қажеттілігін тілейді. Қазақстан дамыған елдердің жаңа технологияларын алып, солардың негізінде отандық ғылыми-техникалық инфрақұрылымды қалыптастыруды тездету керек. Сонымен қоса, кез келген шетел тәжірибесі элеуметтік бағытталған экономиканың үлгісі болып табылмайтындығын естен шығармаған жөн.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, индустриализациядағы жетістіктер ұлттық дәстүрлер мен менталитетке тәуелді. Әрине, қазақстандық басқару жүйесінің және экономиканың ұлттық моделінің ерекшеліктері мен қасиеттерінің барлығы дерлік постиндустриалды экономикаға көшу үшін жағымды жағдайлар құрмайды. Индустриалды-инновациялық даму стратегиясының сапалы және уақтылы орындалуына бағытталған әдістер мен факторлардың кең аумағының есебі мен қолдануын талап етеді:

- өмір сапасын жоғарылату бойынша нақты міндеттерді шешу;
- қаржылық қолдау көрсету бойынша нақтылық пен ашықтылықтың орын алуы.

Ашық конкурс негізінде инвестициялық қолдауды, стратегиялық міндеттерді шешетін немесе жағымды және ынталандырушы жағдайлар қалыптастыратын, бірақ жеке бизнеспен толығымен инвестицияланбайтын жобалар табу керек;

- ғылыми сыйымды және жоғары технологиялық өндіріс, экономиканың өңдеуші сектор дамуын жедел қамтамасыз ету;

- индустрияда инновациялық белсенділікті көтеру;
- ғылыми-техникалық сферада шағын және орта бизнес дамуының үйлесімділігі;

- тең бәсеке жағдайлары мен бәсекелі орта құру, экономиканың нарықтық емес секторларын қысқарту, қатаң бюджеттік шектеу саясатын жүргізу және түрлі жеке салықтық және несиелік жеңілдіктерден бас тарту;

- өңдеуші индустрияның экспорттық бағытталуы, бәсеке қабілетті өнім өндірісінің таландыру;

- бәсекелі артықшылықтарды қалыптастыру.

Индустриалды бағытты жүзеге асыру бойынша барлық шаралар бір жүйеге қосылған.

Индустрия құрылымын тиімді бағытта қайта құру үшін жоғары деңгейдегі мемлекеттік органдар инвестициялардың, әсіресе, шетелдік инвестициялардың қозғалысын реттеу тетіктері мен бақылау қызметтерін пайдалана отырып, аталмыш инвестицияларды еліміздің экономикасын көтеру мен қайта құруға және оның тиімді түрде әлемдік нарыққа енуіне мүмкіндік беретін ғылыми сыйымды өндірістер мен алдыңғы қатарлы салаларға бағыттау мақсатында кепілдіктер мен жеңілдіктер жүйесін қолдану тиіс. Өйткені шетелдік инвестициялардың едәуір басым бөлігі минералды және шикізаттық байлықтарды жер қойнауынан қазып алуға, әсіресе, мұнай мен газ өндірісіне бағытталуда. Өтпелі кезеңнің қиынқыстау жылдарында шетелдік инвестициялар толығымен шетелдік инвестордың нар тәуекеліне баруы арқылы жүзеге асырылды. Ал енді елдің экономикасының өсу қарқыны орныққан жағдайда экономикаға тікелей шетелдік инвестицияларды кеңінен тарту үшін халықтың

жұмыспен қамтылуына және нарықтық инфрақұрылым мен отандық өнімдердің бәсекеқабілеттілігін көтеруге бағытталған индустриалды-инновациялық қызметтерді және ғылым сыйымды өндірістер мен алдыңғы қатарлы салаларды дамыту шараларын қаржыландыруға мүмкіндік беретін кепілдіктер мен жеңілдіктер жүйесін пайдалану керек.

Инвестициялық саясатты жүзеге асыру үшін оның шеңберінде жаңа инновациялық, инвестициялық бағытты дайындап, жаңа үлгідегі техникаларды жасауға негіздей отырып, оны тиімді түрде жүзеге асыру өте қажет. Осыған қарай ақша қозғалысын, несие қорларын және өзге де қаржы құралдарын құрылымдық өзгерістерге ұшырайтын кешендерге, салаларға және өндірістерге тарту жолдарын қарастыру керек. Жоғарыда көрсетілген шаралармен қатар, индустриялық бағытты мемлекетіміздің сыртқы саудадағы нәтижесін жоғарылату мақсатында құқықтық-нормативтік актілерді жетілдіру қажет. Бұл жағдайда кедендік баждарды, тарифтік емес кедергілерді және тұтыныс пен өндірістің сұранысына сәйкес, сырттан әкелінетін тауарлардың сапасын қатаң түрде қадағалап отыруы тиіс. Ұлттық қауіпсіздікке қатысты салаларға (қорғаныс өнеркәсібі, табиғи байлықты пайдалану, көлік және т.б.) шетелдік инвестициялардың шектелуі тиіс. Бұл шаралар отандық тауарлардың дүниежүзілік нарыққа бәсекелестігін арттырады. Сонымен қатар өндірілген тауарлардың өңдеу деңгейінің үлесін көбейтіп, экономикалық басымдық бағыттарын дамытуға үлкен септігін тигізеді.

Индустриалды-инновациялық қызметті нақты шаралармен толықтыру мақсатында және оны жүзеге асырудың ұйымдық-экономикалық жетістіктерін қалыптастыруға қажетті негізгі шарттар мен қағидаларды қамтитын, индустрияны қарқынды түрде дамуын қамтамасыз ететін тұжырымдама әзірленді. Осы тұжырымдама индустрия саласының бірінші кезектегі мақсаттары, отандық өндірушілерді мемлекеттік қолдау және дамыту бағыттары, әрі олардың мүдделерін қорғайтын заңдық нормативтерге жүгіну механизмдерін жақсарту шаралары қамтылады. Индустриялық өндірісті дамыту мәселелерін тұжырымдамалық тұрғыдан шешу үрдісі өндірістік салада, әсіресе, индустрияда аймақтық кәсіпкерлікті қалыптастыру мен жетілдіру бағдарламаларын жасау және оның жергілікті шарттарда тиімді қолданылу аясы меп тәсілдерін негіздеу үшін аса қажетті әрі оңтайлы болып табылады және төмендегі негізгі басымдық мақсаттардан құралады:

- егеменді елдің экономикасын нығайту;
- нарықтық жағдайларда халық шаруашылығы кешеніндегі дағдарыстық құбылыстарды толығымен жою;
- индустрия өндірісін тұрақтандыру;
- индустрия салаларының түбегейлі құрылымдық қайта құрылуын жүзеге асыру, импортты алмастырушы технологияларды дамыту, өндірістік-экономикалық әлуетті ұлғайту;
- индустрия жүйесінде өзін-өзі дамытушы шаруашылық-экономикалық құрылымдарды құру;
- республикадағы индустриялық өндірісті достастық елдерінің экономикасына және әлемдік экономикаға тиімді интеграциялау;
- индустрия кешендерін, салаларын, аймақтарды және бүкіл республиканы тездетілген әлеуметтік-экономикалық жағынан дамыту;
- базалық индустрия салаларына айқын дағдарыстың, құбылыстардың алдын алу іс-шараларын дайындау;
- елдегі индустрияның мәжбүрлі автономды функциялық тұжырымдамасын дайындау және оны жүзеге асыру;
- индустрияның жұмыстарын тұрақтандыру бағдарламасын дайындау және оны жүзеге асыру;
- нарықтық экономика шартында индустрияны қарқынды дамыту үшін әлеуетті жинау бағдарламасын дайындау және оны жүзеге асыру;
- индустрияны жедел және интенсивті дамыту бағдарламасын дайындау және оны жүзеге асыру.

Өндірістік үрдістің материалды (заттай) элементтеріне әсер ете отырып, индустриалды-инновациялық қызметтің функционалды еңбек бөлінісін тереңдететін, еңбек ресурстарының

кәсіпқой-біліктілік құрамын қалыптастыратын, ой еңбегінің жиынтық шығындарын көтеретін адами фактор негізінде өзгеріп отырады. Сондықтан Қазақстанның индустриалды-инновациялық даму болашағы ең алдымен, экономикалық өсудің 3 басты ішкі факторларымен: еңбек өнімділігінің өсуімен, өндірістің жетілдірілуімен және оның материал және энергосыйымдылығымен анықталады. Еңбек өнімділігінің есебінен ғана адамдардың әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өнімді шығару көлемі өседі.

Нарықтық экономикаға өту, индустриалдық-инновациялық бағытты жүзеге асыру кез келген кәсіпорынға аса күрделі мәселелер туындатты. Өйткені, шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайына үйрену көптеген тәжірибені талдап білуді және оны жүзеге асыруды қажет етті. Әсіресе, нарық тетігінің басты элементтері бәсеке, нарықтық бағаның қалыптасуы кәсіпорын басшыларының алдына өзекті мәселелерді қойды. Әр кезеңнің өзіне ғана тән күрделі сұрақтары мен анықтаушы факторлары болады. Осы кезеңдегі ең негізгі де түйінді мәселенің бірі – бәсекелестігі бар өнім өндіру, сол арқылы отандық өндірісті жаңарту және еңбек тиімділігін арттыру болды. Осы мәселені шешудің алғашқы бастамасында әр тауар мен өнімнің бәсекелес деңгейін қалай өлшеуге болатынын анықтау керек.

Нарықтық экономика жағдайында инновациялық қызметтің басты субъектісі болып экономиканың даму динамикасын анықтайтын және экономикалық жүйенің тепе-теңдігін бұзатын күш ретіндегі кәсіпкер деп тануға болады. Кәсіпкер тепе-теңдік жағдайындағы экономикаға кездейсоқтықты енгізетін жеке экономикалық билік ретінде анықталады, ал басқа шаруашылық субъектілері, керісінше, оның теп-теңдігін қалайды. Осылайша, басқарушылық еңбек мүлік және нарық қатынастарымен байланыста бола отырып, экономика жүйесін реттеушісі ретінде танылады. Сонымен қатар, сыртқы орта өзгерістерінің әсерлеріне сәйкес жауап береді, яғни басқарушы сыртқы ортаның көрсеткіштері негізінде әрекет етеді. Кәсіпкер шаруашылық жүргізу жағдайларын өзгертеді. Нәтижесінде менеджерлер өзгерістерді қабылдап, кәсіпорынды өзгерістерге бейімдеуге мәжбүр болады.

Кәсіпкердің инновациялық еңбегі экономикалық жүйенің дамуын анықтайды. Бірақ қолданылатын құралдар мен ынталандыру нәтижесі тұрғысынан экономикалық мағынада қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған еңбек болып табылмайды. Инновациялық кәсіпкерлік еңбектің субъектісі ретінде экономикалық жүйе шеңберінен тыс бола отырып, әлеуметтік-психологиялық ынталандыруларды басшылық етеді. Кәсіпкердің шаруашылық қызметіндегі еркіндік жеке капитал көлемі басқа кәсіпкерлер жағынан бәсеке арқылы шектеледі. Сонымен қатар, оған нарықтық қатынастардың басқа қатысушылары – тұтынушы, мемлекет, жалдамалы жұмыскерлер және т.б. әсер етеді.

Кәсіпкерлік - ел экономикасының жандануы менодан әрі қарайдамып, тұрақты өсуінің қамтамасыз етілуін жүзеге асырушы тұтқасы ретінде бизнестің әр алуан түрлері мен ұйымдық формаларынан тұратын нарықтық шаруашылықты қалыптастыру мен оның жұмыс істеуінде үлкен маңызға ие. Ол шешім қабылдау және іс-қимыл қолдану жылдамдылығына, икемділігіне және өзгермелі нарықтық жағдайларға тез бейімделуіне байланысты теңдессіз артықшылықтарының мүмкіншілікке, нарықтық экономиканың бейімді және нәтижелі бөлігіне, оның құрылымдық және бәсекелестік нарықтық тетігінің маңызды интеграциялық элементіне жатады. Нарыққа бейімделген құрылымсыз кәсіпкерліктің нәтижелі жұмыс істеуге мүмкіншілігі азаяды. Кәсіпорындардың жұмысшыларының санының тұрақсыз динамикасы және өндірісіндегі үлесінің төмендігі, инновациялық іс-әрекеттерінің аздығы кәсіпкерліктің дамуына теріс ықпал етеді. Сондықтан салықтық жеңілдіктер, лизинг, франчайзинг және т.б. құқықтық-нормативтік құжаттарда кәсіпкерліктің дамуын ынталандыру үшін қарастырылуы қажет. Сонымен қатар шағын және орта кәсіпкерлікті үлкен бизнеспен кооперация негізінде үйлестіру орталығы арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Сондықтан дамыған нарықтық экономикасы бар елдерде кәсіпкерліктің, әсіресе, шағын, орта және ірі бизнес сияқты түрлеріне деген қызығушылық азаюдың орнына арта түсуде. Мұны бизнестегі жеке сектордың кеңеюі де растайды, бұл сол елдерде сол экономиканың анағұрлым үлкен секторын алып жатыр және оның үлесіне жалпы ішкі өнім мен экономикалық белсенді тұрғындардың айтарлықтай бөлігі жатады.

Кәсіпкерліктің, әсіресе, шағын және орта бизнес кәсіпорындарының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, олардың экономикалық ортасын жақсартуға арналған көптеген нақты іс-шараларды қарастыратын, кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамыту тұжырымдамасы жасалды. Кәсіпкерлікті дамыту мәселелерін тұжырымдамалы түрде шешу шағын және орта бизнес саласына бағытталған индустриялық бағытты өңдеп жүзеге асыруда жіберілетін кейбір қателіктердің алдын алуға және жұмыс қарқынын үдетуге көмектеседі. Сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті дамыту жөніндегі іс-шаралар да орта мерзімге арналған нақты даму бағыттарын айқындай түседі. Аталмыш тұжырымдаманың мақсаты кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамыту стратегиялары мен оларды жүзеге асырудың нақты тетіктерін ұсыну болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін келесідей басты міндеттерді шешу қажет:

- құқықтық ресурстар мен қамсыздандыру;
- кәсіпкерлікті өндірістік ресурстар мен қамсыздандыру;
- нарықтық инфрақұрылымдар институттарын дамыту;
- кәсіпкерлердің сыртқы экономикалық қызметін мемлекеттік қолдау және ынталандыру;
- кәсіпкерлік қызмет құрылымдарында жұмыс істейтін мамандарды дайындау;
- кәсіпкерлікті ақпараттық және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қолдау;
- кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу органдары жүйесін жетілдіру.

Франчайзинг жүйесі кәсіпкерліктің дамуына оң ықпал етеді. Ол бизнесті тұрақты дамыта отырып, қосымша мүмкіншіліктерге қол жеткізеді. Франчайзинг негізінде әр түрлі операцияларды жүзеге асыра отырып, шаруашылық субъектілерге экономикалық тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда жеке дара фирмалар ғана франчайзингті қолданады. Олар өз тәжірибесін басқа фирмалармен бөліспейді. Ұсынылған жұмыста франчайзингтердің өз франчайзалығына ұсынылатын жеңілдіктерін қарастырады. Сонымен қатар франчайзингтің мүмкіншіліктерін қолдана отырып, бизнесті дамыту тәсілдері көрсетілген. Құқықтық, экономикалық, мәдени-этикалық негіздерді қалыптастыру арқылы Қазақстанда франчайзингті қолдану және дамыту мүмкіншілігі пайда болады. Сонымен қатар салықтық заңдарда өзгерістер енгізілуі арқылы франчайзингтің оң көзқарас қалыптастырып, дамуына ықпал жасайды. Франчайзингті келісім-шарт негізінде де дамытуға болады. Бірақ сәйкес заңдардың болуы бұл бизнесті барынша аяқталған түріне айналдыратыны айқын.

Қазақстанда кәсіпкерлікті қолдау және дамытудың бірден бір механизмі болып дәстүрлі емес оффшорлық бизнес жатады. Отандық экономиканың дамуын және оның дүниежүзілік шаруашылық жүйесіне интеграциялануын оффшорлық бизнесті құру мен дамыту қажеттілігі қамтамасыз етеді. Кәсіпкерлік іс-әрекетінің белгілі бір түрі ретінде оффшорлық бизнес Қазақстан республикасында салық төлеушілерге аз мөлшерде белгілі. Бірақ бұл бизнес және оны пайдалану үлгілерінің артықшылығы туралы керекті ақпаратты алған кезде заңды жеке тұлғалардың оған ынталылығы өседі. Оффшорлық компаниялар минималды салық салу мүмкіншілігі бар заңды аймақтарда болады. Осыған орай фирмалар өздерінің жалпы пайдасын осы компанияларға аударады. Құпиялылық сақтауды қамтамасыз етудің ең көп тараған тәсілі ретінде құрылтайшылар мен акционерлердің аты-жөнін өкіметке хабарламау заңды түрде қамтамасыз етіледі. Салықтың мөлшерін азайту мақсатында оффшорлық аймақтарда бірлесіп жүйеленген бірнеше компаниялардың қатысуымен әр түрлі схемалар жасалып жүзеге асырылады.

Құпиялықтың кепілдігі мен шарттың нақтылығы барлық мүмкін тәуекелдерге бару жолдарына талдау жасау және оларды жою тәсілдері жүзеге асырылады. Белгіленген нақтылық іскерлік схемаларды пайдалану арқылы және оффшорлық фирманың тапсырыс беруі негізінде қосымша табыс табуға болады. Оффшорлық компанияларының іс-әрекетіне мемлекет өзі де қызығушылық білдіру керек, себебі бұл кірісті алудың қосымша көздерінің бірі болып табылады. Оффшорлық аймақтың өкіметі рұқсатымен ашылған оффшорлық компанияларға ғана тән іс-әрекетті жүзеге асыруға қолайлы жағдайлар жасалады және сол уақыттағы салық төлеушілер ретінде салықтық артықшылықтарды қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен оффшорлық бизнес - бұл құпиялықты және қаражаттарды басқару икемділігін сақтаудың

жақсы тәсілі. Оффшорлық іс-әрекет салықтарды белгілеудің заңды және бүкіл әлемде көпшілік мақұлдаған әдіс болып табылады.

Нарықтық қатынасқа көшу жағдайында кәсіпорынның өндірістік қызметін дамыту және олардың техникалық жабдықталуын жоғарылату үшін несиелік ресурстарды, соның ішінде лизингіні пайдалану өте қажет. Лизинг несиенің бір түрі ретінде кәсіпорындарға қажетті тауарларды және қызметтерді азғантай шығынмен өндіруге және жоғалтулардан сақтауға мүмкіндік береді. Отандық экономиканың даму кезеңінде өндіріс саласына, оның техникалық қайта қарулануы үшін инвестицияны тартуда қажеттілік өседі. Бұл негізгі қорларды жаңартуда дәстүрлі емес әдіс болып табылатын лизингінің қажеттілігін шарттайды. Зерттеу жұмыстары негізінде Қазақстанда лизингілік операциялардың тиімділігіне баға беріліп, талдау жасалды. Лизингілік қызметтердің динамикасы өсіп, оның қызметтерін әр түрлі салаларда қолдануға мүмкіншілігі артады. Лизингілі қатынастардың дамуы макроэкономикалық көрсеткіштерге, экономиканың құрылымына, қорлардың бір саладан екінші салаға көшуіне, отандық бәсекелестік тауарды жасауға, жаңа нарықтарды игеруге оң ықпалын тигізеді.

Зерттеулеріміз көрсеткендей, болашақта лизинг аумағындағы заңдылықты дамыту және жетілдіру керек. Сонымен қатар лизингілік бизнесті ынталандыру үшін мемлекет тарапынан шаралар қолдану керек. Осылай олардың қызметін жүзеге асыруда қолайлы жағдайлар туғызу үшін лизингілік компанияға заңдылық тәртіпте салықтық және несиелік жеңілдіктер беру шарт. Сонымен қатар лизингілік келісімшарттың қатысушыларының мүліктік және құқықтық мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін нормативті құқықтық базаны жетілдіру қажет. Бұдан басқа лизингілік институттардың дамуын және оның ақпараттық қамсыздануын, лизингілік құрылымдардың мамандарын дайындау және қайта даярлауды қамтамасыз ету керек. Еліміздің экономикасына тікелей инвестицияларды енгізу үшін жағдай жасау мақсатында ауылшаруашылығына, басымдық салаларға мемлекеттік инвестициялық лизингілі жобалардың тікелей және жанамалы әдістерін қолдану белгіленген.

Зерттеу көрсеткендей, қазіргі таңда Қазақстанда инновациялық сфера мен инновациялық инфрақұрылым ұйымдастырудың жаңа құрылымы құрылады. Оның негізгі функцияларының бірі инновациялық қызметтің ұдайы өндіріспен жалғасу жағдайларын жүзеге асыру болып табылады. Микродеңгейде инновациялық ұйымдарға көмектесетін нарықтық инфрақұрылым институттарына ғылыми жаңалықтармен байланысты инвестициялық және инновациялық қорлар, банкілер, бизнес-инкубаторлар, экономикалық бірлестіктер, қаржылық топтар жатқызылады. Макродеңгейде венчурлық сипаттағы және жобаларды жүзеге асыруда конкурстық тұрғыны тәжірибеде қолданатын кәсіпкерлік қызметті қолдау қорлары әрекет етеді. Инновациялық инфрақұрылымға жалпы әлемдік «экономика сервиризациялау» тенденциясы тән. Инфрақұрылымдық институттардың жедел түрде дамуына, олардың қызметтеріне сұраныстың өсуінің жоғары мультипликативті тиімділігі, материалды-заттай өндірістің циклды толқуларына инфрақұрылымның төмен сезімталдығы және дағдарыстан шығу кезеңіндегі инновациялық инфрақұрылым институттарының қызметтеріне сұраныстың кеңеюі әсер етеді.

Бизнес-инкубаторларының тиімділігі билік пен ірі кәсіпорындардың қолдауына тәуелді. Бизнес-инкубаторлардың тиімді басқарылуы кәсіпкерлік жобалардың талданып, таңдалуымен, қаржылық көмектің бөлінуімен, кеңестер мен экспертизалардың уақтылы жүргізілуімен тікелей байланысты.

Отандық технологиялық және ғылыми парктер шағын инновациялық кәсіпорындарға келесідей қызметтер көрсетеді: орынды жалға беру, телефондық және телекстік қызмет көрсету, ҒЗТКЖ нәтижелерімен таныстыру, техникалық жобаларды дайындауда көмек, мамандарды оқыту мен таңдау және т.б. болып табылады. Дәстүрлі түсінік бойынша, ғылыми және технологиялық парктер, қатысушылар саны, қаржыландыру көлемі мен инновациялық қызметті жүзеге асыру ауқымы бойынша бизнес-инкубатордан ерекшеленетін ірірек кооперативті кешен болып табылады. Олар ғылыми-техникалық, инновациялық және өндірістік сфералардың мемлекеттік және жеке субъектілері өзара байланысынан туған ұзақ мерзімді мақсатты бағдарламалар негізінде құрылады. Аймақтарда технологиялық өзара

толықтыратын өндірістердің, парктердің негізгі тиімділігі, идеяның тууынан оны өндіріске енгізуге дейінгі уақытты 2-3 есе қысқартылуы болып табылады.

Қазақстан Республикасында индустриялық және технологиялық парктер желісін құру болашақта келесі міндеттердің шешілуіне оң ықпалын тигізеді:

- өндірістік инфрақұрылым және өнеркәсіптің дамуымен байланысты Қазақстан үшін мүлдем жаңа кәсіпкерлік қызмет бағытын қалыптастыру және дамыту;
- кәсіпорындардың технологиялық жетілдендірілуін және жеке аймақтардың қайта индустриализациясын қалыптастыру, сонымен қоса өнеркәсіптік аймақтарда өндірістік құрылымды қайта құру;
- конверсиялы кешендердің инфрақұрылымы дамуы негізінде қазіргі озық технологиялық өндірістерді ұйымдастыру;
- нақты секторға инвестициялар ағымын ынталандыру;
- шағын және орта бизнестің, оның ішінде ірі қалаларда венчурлық бизнестің дамуын ынталандыру;
- проблемалы аймақтарда қалалар көлемі бойынша экономикалық базаны күшейту;
- өнеркәсіптік өндіріс орындары мен ірі қалаларда экологияның жақсаруы, жер ресурстарын қолдану тиімділігін көтеру;
- өнеркәсіптік мүлік секторы пен ипотекалық несие тәжірибесін дамыту.

Адамдық фактордың маңызды рөлі Стратегияның жүзеге асырылуы үшін кәсіпқой мамандарды таңдау, тәрбиелеу мен орналастыру, ғылыми-техникалық прогрестің шығармашылық, белсенді қатысушыларын материалды және моральды ынталандыру мәселелерін алдыңғы кезекке шығарады. Ғылыми-техникалық үрдістерді реттеу бойынша жұмыстардың көлемділігі, көп жақтылығы мен күрделілігі Стратегияны жүзеге асыруға озық ғалымдарды, тәжірибелі өндіріс қызметкерлері мен менеджерлерді, біздің еліміз бай, талантты адамдарды тартуды көздейді. Ғылыми-техникалық бағдарламаны орындау кезінде экономиканы ғана емес, мемлекеттік іске адамдардың қатынасын да өзгертіп бейімдеу керек. Бұл үрдісте біздің азаматтарымыздың тәжірибесін, білімін, шеберлігі мен шынайылығын, яғни адамдық ресурстарды пайдалану қажет. Стратегияны жүзеге асыру Қазақстанға жоспарланған мерзімде тұрақты экономикалық дамудың қазіргі траекториясы мен халықтың өмір сүруінің өсімін қамтамасыз етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Исабеков Б.Н., Мұхамбетова Л.Қ. Инновация және кәсіпкерлік. Оқулық. – Астана, 2017. 77-91 б.
2. Мұқанов Д. Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуы: әлеуеті және іске асыру тетігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004, 274 б.
3. Исахметов Т. Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2003-2015 жылдарға арналған инновациялық саясатын жетілдіру тетіктері"

ӘОЖ338.2

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК – ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІКТІҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Самархан Гүлия Айдосқызы, Шекербекова Гүлнұр Бекдәулетқызы,
guliya.samarkhan23@gmail.com
Нұр – Сұлтан қаласы, Қазақстан,
2 курс студенттері, «Қаржы» кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
Ғылыми жетекшісі – Г. Амренова

Аннотация: Қазіргі уақытта көптеген елдердің алдында ондаған жыл бұрын құрылған қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғырту мәселесі тұр. Атап айтқанда, әлеуметтік сала объектілері «сауықтыруды» талап етеді: емханалар, ауруханалар, балабақшалар, мектептер,